Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Табиғи монополияларды реттеу комитетінің
Жамбыл облысы бойынша департаменті

«Байзақ су» КМК-ның тарату желілері арқылы сумен жабдықтау жөніндегі қызметіне арналған тарифін және тарифтік сметасын бекіту бойынша жария тыңдаудың
№ ХАТТАМАСЫ

Тараз қаласы 2026 жылғы 10 қараша,
сағат 11:00

Төрағасы:
Е.А.Сансызбаев – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департамент табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы

Хатшы:
С.Ж. Магзимбекова – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің заңнаманың сақталуын бақылау, талап қою және ұйымдастыру жұмысы бөлімінің бас маманы

Қатысқандар:
Н. Маханбетұлы - Жамбыл облысы әкімдігі энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасының бас маманы, **М.Б. Ким** - «Бітімгер - Ел» медиация және құқық орталағы» қоғамдық қорының басшысы, **Б.А. Жармухамбетов** – Жамбыл облысы кәсіпкерлер палатасының бөлім басшысы, **Қ.Ш. Болысбаев** - «Байзақ су» КМК – ның директоры, **Ж.Ж.Шуленбаев** - «Байзақ су» КМК – ның бас бухгалтері, **А.Ғ. Баймаханова** - «Байзақ су» КМК – ның экономисті, тұтынушылар . Барлығы **10** адам қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ

«Байзақ су» КМК-ның тарату желілері арқылы сумен жабдықтау жөніндегі қызметіне арналған тарифін және тарифтік сметасын бекіту туралы

Жария тыңдауды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы Е.А.Сансызбаев ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды, жария тыңдауға қатысушыларды таныстырып, оны өткізу тәртібін түсіндірді және сөз сөйлеу регламентін сақтау қажеттігін ескертті.

Сонымен қатар, жария тыңдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл

облысы бойынша департаментінің Facebook әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында тікелей эфирде көрсетілетінін атап өтті.

Күн тәртібінде қаралып отырған мәселе бойынша баяндама жасау үшін «Байзақ су» КМК - ның бас бухгалтері **Ж.Ж.Шуленбаевқа** берілді.

Ж.Ж.Шуленбаев өзінің сөзінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 153-ОД бұйрығымен табиғи монополиялар субъектісі ретінде жаңадан құрылған субъект үшін реттеліп көрсетілетін қызмет – тарату желілері арқылы су беру қызметіне жеңілдетілген тәртіппен тарифтік смета және тариф бекітілді *(2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді).*

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңына сәйкес аталған тарифтің қолданылу мерзімі он екі айды құрайды. Заңның 20-бабында жеңілдетілген тәртіппен бекітілген тарифтің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін шығындық әдісті қолдана отырып тарифті бекіту қажеттілігі көзделген.

«Байзак Су» КМК ұсынған өтінім негізінде уәкілетті органның 2023 жылғы 10 мамырдағы № 8-ОД бұйрығымен 2023 жылғы 1 маусымнан бастап 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімге тариф және тарифтік смета бекітілді.

Осыған байланысты, ағымдағы жылдың тарифінің қолданылу мерзімі аяқталуына орай, «Байзак Су» КМК Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын ескере отырып өтінім дайындады.

«Байзак Су» КМК шағын қуатты субъект болып табылатындықтан, өтінімді қалыптастыру Қағидалардың 303-тармағына сәйкес жүргізілді.

Өтінімге құжаттардың толық топтамасы қоса берілді. Бұл ретте өтінім берілгенге дейінгі төрт тоқсан бойынша нақты шығындар мен көлемдер туралы деректер күнтізбелік жылдың басында өтінім берілгендіктен, алдыңғы жылдың нақты шығындары мен көлемдеріне сәйкес келеді.

Бұйрықпен бекітілген тарифтік сметадағы шығындардың жалпы сомасы 44 920,5 мың теңгені құрайды, оның ішінде: тауарларды өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындар – 43 041 мың теңге, кезең шығыстары – 1 879 мың теңге.

2025 жыл үшін нақты шығындардың жалпы сомасы 201 935,3 мың теңгені құрады, оның ішінде: тауарларды өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындар – 179 137 мың теңге, кезең шығыстары – 22 799 мың теңге. 2025 жылғы кіріс 201 935,3 мың теңгені құрады.

Тарифтік сметада пайда көзделмеген. «Байзак Су» КМК қызметтерді бұрынғы тариф бойынша көрсететіндіктен, тек шығындарды өтеуді қамтамасыз етеді.

«Байзак Су» КМК-нің 2026 жылға арналған тарифтік сметасының жобасында шығындар қолданыстағы нормалар мен нақты қалыптасқан шығындар негізінде көзделген.

Тарифтік смета жобасындағы шығындардың жалпы сомасы 296 741,00 мың теңгені құрайды, оның ішінде тауарларды өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындар – 246 196,23 мың теңге, кезең шығыстары – 50 544,75 мың теңге.

Көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі тарифтік сметада есепке алынған көлеммен салыстырғанда 393,64%-ға (330-дан 1 299 мың м³-ге дейін) ұлғайды. Нормативтік шығындар 68,6 мың м³ немесе 17,2% мөлшерінде есепке алынды. «Байзақ су» КМК-ның тарату желілері арқылы сумен жабдықтау қызметі бойынша орташа-босату тарифінің жобасы ҚҚС-сыз 1 м^3 үшін 228,4 теңгені құрады.

Ж.Ж.Шуленбаев сөзінің соңында, жоғарыда баяндалғанды ескере отырып «Байзақ су» КМК – мен ұсынылған тарифтік сметаны қарауды және қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес тарифті бекітуді сұрады.

Департаменттің бөлім басшысы Е.А.Сансызбаев сұрақ қойды:

- Қызмет көрсету көлемі өсуінің негізгі себебі?

Жауапты Ж.Ж.Шуленбаев - «Байзақ су» КМК – ның бас бухгалтері берді:

- Қызмет көрсету көлемі өсуінің себебі, желілердің ұзындығы жыл сайын ұлғайып келеді, сондай-ақ қызмет көрсетілетін абоненттер саны да артуда. Бұл халық санының өсуіне және жаңа учаскелердің желілерге қосылуына байланысты.

Жамбыл облысы кәсіпкерлер палатасы бөлімінің басшысы **Б.А. Жармухамбетов** сұрақ қойды:

– Өтінімді ұсыну себебі?

– **Жауапты Ж.Ж.Шуленбаев** - «Байзақ су» КМК – ның бас бухгалтері берді:

- Өтінімді ұсыну негізгі себебі, ол ағымдағы жылы бекітілген тарифтің қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты.

Қорытынды сөзбен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Жамбыл облысы бойынша департаменттің бөлім басшысы **Е.А. Сансызбаев** сөз сөйлеп, қатысушыларға жария тыңдауға белсенді қатысқандары үшін алғыс білдірді.

Сонымен қатар, күн тәртібіне енгізілген барлық мәселелердің қаралғанын атап өтіп, Байзақ су» КМК-ның тарату желілері арқылы сумен жабдықтау жөніндегі қызметіне арналған тарифін және тарифтік сметасын бекіту бойынша шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде қабылданатынын хабарлады.

Төраға **Е. Сансызбаев**

Хатшы **С. Магзимбекова**